



## Қасым-Жомарт Тоқаев православие шіркеуінің өкілдерімен кездесті

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеу Патриархатының Сыртқы шіркеулік байланыстар департаментінің төрағасы, Волоколамск митрополиті Антонийді, Қазан және Татарстан митрополиті Кириллді, Астана және Қазақстан митрополиті Александрды қабылдады, деп хабарлайды Egemen.kz Ақордаға сілтеме жасап.



Кездесу барысында Мемлекет басшысы митрополит Антонийді жаңа қызметке тағайындалуымен құттықтап, православие діні Қазақстан халқының бірлігі мен ынтымағын нығайтуда маңызды рөл атқаратынын айтты.

Мемлекет басшысының айтуынша, православие шіркеуі қоғамда жалпы адамзаттық рухани-адамгершілік құндылықтарды өсіруге және насихаттауға зор үлес қосып келеді. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан-

да дәстүрлі діндердің, соның ішінде православиенің дамуына барлық жағдай жасалып жатқанын атап өтті.

Кездесуді қорытындылай келе, Қасым-Жомарт Тоқаев Мәскеу және бүкіл Ресей Патриархы Кириллге съездің негізгі мақсатын ілгерілетуге жасаған көмегі үшін ерекше алғысын жолдап, оған зор денсаулық пен рухани күш-қуат тіледі.

Өз кезегінде православие шіркеуінің өкілдері Патриарх Кириллдің Мемлекет басшысына ізгі тілектерін жеткізді.



## Тоқаев пен Си Цзиньпин «Қазақстан-Қытай: мыңжылдық диалог» көрмесін тамашалады

Ресми келіссөздер аяқталғаннан кейін мемлекеттер басшылары екі елдің көне заманнан бүгінге дейінгі тарихи, мәдени байланыстарына арналған Қазақстан-Қытай: мыңжылдық диалог» атты көрмені тамашалады, деп хабарлайды Egemen.kz Президенттің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Көрмеге Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Орталық мемлекеттік музей, Тұңғыш Президент музейі және Ә.Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейі қорларынан 40-қа жуық археологиялық жәдігер, сондай-ақ сәндік қолданбалы және бейне-

леу өнерінің заттары қойылған.

Қазақстан мен Қытай басшыларына қазақ-қытай халықтарының материалдық және рухани мәдениетінің даму сабақтастығын көрсететін бес бөлімнен тұратын көрменің құрылымы таныстырылды.

## Шетелдік компаниялардан 6,1 млрд теңге салық түсті

Жыл басынан бері ғаламторда қызмет көрсететін шетелдік компаниялар, сондай-ақ интернет арқылы жеке тұлғаларға тауарларды сататын шетелдік сауда алаңдары қосылған күн салығын немесе GOOGLE салығын төлеуі керек, деп хабарлайды Egemen.kz ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне сілтеме жасап.

Ведомство хабарлағандай, бүгінде GOOGLE салығын төлейтін шетелдік компания үшін тіркеу талаптары жеңілдетілген. Мәселен, тіркеу есебіне тұру үшін шетелдік компания ҚР ҚМ Мемлекеттік кірістер комитетіне хат жіберсе жеткілікті. Сол арқылы олар шартты тіркеуден өтеді.

Осылайша, жыл басынан бері 37 шетелдік компания, соның ішінде Apple, Meta, Google, Ebay, Amazon сияқты басқа да ірі әлемдік компаниялар шартты тіркеуден өтті. 2022 жылдың басынан бастап аталған компаниялар 6,1

млрд теңге сомасына салық төледі.

Ең ірі салық сомаларын Ирландияның резиденттері «Meta Platforms Ireland Limited» (1,6 млрд теңге) және «Apple Distribution International Limited» (1,1 млрд теңге), сондай-ақ АҚШ резиденті «ООО iHerb» (1,4 млрд теңге) төлеген.

«Салық декларациясын тапсырудың қажеті жоқ, айыппұлдар мен салықтық әкімшілендірудің басқа да күрделі тетіктері жоқ екенін атап өткен жөн. Мұның бәрі тауарлармен электронды сауданы жүзеге асыратын немесе қазақстандық сатып алушының атына электрондық қызметтер көрсететін шетелдік компания үшін Қазақстан Республикасындағы салық міндеттемелерінің орындалуын оңайлату мақсатында жасалды», делінген МКК ақпаратында.

«Егемен Қазақстан» газетінен.

## Қазақстанда дизель отынының импорты қысқарды

Отынды ішкі нарықта сату көлемі бір жылда бірден 19%-ға өсті, деп хабарлайды Egemen.kz Energyprom.kz сайтына сілтеме жасап.

Сарапшылардың айтуынша, 2022 жылғы қаңтар-шілде айларында дизель отынын өндіру көлемі 3,1 млн тоннаны құрады. Бұл барлық уақыттағы тиісті кезеңнің ең жоғары көрсеткіші болып есептелінеді. Өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда дизель отынын өндіру 9,2%-ға өсті.

Энергетика министрі Болат Ақшолақовтың айтуынша, осы жылға дизель отынын өндіру болжамы 5,2 млн тоннаны құрайды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 300 мың тоннаға артық және 2020 жылмен салыстырғанда 600 мың тоннаға артық болады деген сөз.

2022 жыл бойынша дизель отынын тұтыну болжамы шамамен 5,5 млн тоннаны құрады, бұл 2020 жылмен салыстырғанда 500 мың тоннаға және өткен жылмен салыстырғанда 90 мың тоннаға артық.

Тамыз айында егін жинау науқаны басталар алдында Қазақстан дизель отынының тапшылығына тап болды. Еліміздің барлық өңірлерін дизель отынымен үздіксіз қамта-

масыз ету мәселесін шешу үшін арнайы комиссия құрылды, ол жағдайға теріс әсер еткен факторларды анықтады. Негізгі себептердің бірі тұтынудың, сондай-ақ транзиттік көліктің айтарлықтай өсуі деп аталды.

Еске сала кетсек, уақытылы шаралар қабылдамағаны үшін «Қазмұнайгаз» ҰК АҚ Басқарма Төрағасы Мағзұм Мырзағалиев пен Энергетика вице-министрі Әсет Мағауовқа қатаң сөгіс жарияланды.

«2022 жылдың тамыз айының қорытындысы бойынша дизель отынының құны бір айда орташа есеппен 0,7%-ға өсті. Батыс Қазақстан және Ақтөбе облыстарында ди-



зель отыны қымбаттады: тиісінше 3,5% және 3,4%. Шығыс Қазақстан облысында баға 2,9%-ға қымбаттады. 2021 жылдың тамызымен салыстырғанда бір жыл ішінде дизель отыны 35,5%-ға қымбаттады. Өңірлер бойынша бағаның өсуі Алматы облысында 15,4%-дан Ақмола облысында 58,4%-ға дейін өзгереді. Тамыз айының қорытындысы бойынша елімізде жазғы дизель отынының бір литрінің орташа бөлшек сауда бағасы 238 теңгені құрады. Ең жоғары бағалар Қостанай мен Петропавлда (бір литрі үшін 260 тг), ең төмен баға - Ақтауда (бір литрі үшін 225 тг) тіркелді», делінген зерттеуде.

## Жолдауды қолдау

## Көңілімізден шықты

Президент Қ.Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауы көңілімізден шығып, көкейімізге қонды.

Жолдау-бұл бастау алған саяси өзгерістердің жалғасы деуге болады. Сондай-ақ Президенттің сөзі мен ісі бір жерден шығатынының айқын дәлелі. Мұның бәрі еліміздегі реформалар бағытының дәйектілігін және оның елдегі демократияны нығайтуға бағытталғанын көрсетеді. Ең бастысы, Жолдауда қазақстандықтарды қазіргі күндері толғандырып отырған ең өзекті сауалдарға нақты жауап берілді.

Біздің аудан-негізінен аграрлық аудан. Сондықтан Жолдауда ауылшаруашылығына байланысты атап көрсетілген мәселелер айырықша көңіл аудартады. Яғни бұл бағытта ұсынылған барлық реформа-саланың жаңа жағдайда дамуына тың серпін беретін прогрессивті әрі уақтылы шаралар деп есептеймін. Расын айтқанда, игерілмеген жерлерді қайтару, су ресурстарының жетіспеуін азайту, жолдарды жөндеу көкейкесті халыққа қажетті мәселелер. Сонымен қатар ауылдардағы медицинаны дамыту нағыз шешімін күтіп тұрған тез арада орындауға тиісті мәселе еді. Мұны да шешу жолын Мемлекет басшысы ашық айтып, орындалу жолдарын ашық

айтып берді.

Жолдауда әлеуметтік-экономикалық саланы дамытуға баса назар аударылды. Әсіресе әлеуметтік саладағы азаматтардың мүддесі жан-жақты қорғалуы үшін бірқатар құнды бастама көтерілгені баршамыздың жүрегімізге қуаныш сезімін хаялатты.

Әйелдердің зейнет жасын өзгерту мәселесін оңды шешіп, 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде қалдырғаны әйелдердің көңілінен шықты. Ана мен бала күтімі үшін төлемақы сәби біржарым жасқа толғанға дейін төленетіні де аса маңызды шара деп түсінген абзал.

Ұлттық қордың жыл сайынғы инвестициялық табысының 50 пайызы балалар кәметелет жасқа толғанға дейін олардың арнайы шотына түсіп тұратыны тіптен тәнті етті.

«Қазақстан халқына» қоры арқылы әлеуметтік әлсіз жандарға көмек көрсетілетіні де әлеуметтік әділдік пен теңдікті орнатудың бір құралы екені даусыз.

Жалпы, көптен күткен бұл Жолдауда мемлекетіміздің дамуына, халқымыздың әлауқатын жақсартуға қатысты ең маңызды мәселелер түгел қамтылып, оны орындауға байланысты нұсқаулар нақты атап көрсетілді.

**Асаубай БӘКІРОВ,**  
Созақ ауданының  
Құрметті азаматы.

## Берекелі қоғамды бірге құрайық

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламент палаталарының бірлескен отырысында «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауын жариялап, ел дамуының бағыт-бағдарын айқындап берді. Қазіргі күрделі кезеңде Қазақстанның келешекке кемел қадам басуын қамтамасыз ету үшін Президент батыл да маңызды бастамалар көтерді.

Жолдау еліміздің саяси өмірін жандандырып, экономикалық-әлеуметтік дамуына тың серпін беретін үлкен жаңалықтарға толы болды.

Ең бастысы халықтың әлеуметтік жағдайы әрдайым мемлекеттің басты назарында қала бермек. Жолдауда айтылған жайттардың түпкі мақсаты – жұрттың тұрмысын жақсарту, әл-ауқатын арттыру. Саяси, экономикалық реформалардың, игі бастамалардың бәрі осыған бағытталған.

Президент Жолдауы әділетті Қазақстан құру жолында жасалған тағы бір ірі қадам болды деп есептеймін.

**Б.ЖАНДӘУЛЕТОВ.**

## Дөңгелек үстел



елімізде зорлық-зомбылыққа ұшырайтын әйелдер мен балалар саны әлі де болсын азаймай тұр. Ал біз осы бағытта бірнеше нәтижелі жұмыстар легін жүргізіп келеміз, әлде жүргізе береміз деп өз сөзін қорытып, отбасылық тәрбиенің қаймағы бұзылмай бүгінгі шара кейіпкерлері секілді өсіп-өнген отбасылар көп болсын! «Заңға бағынған құл болмайды» тәртіпке бағынайық,- деді.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынба-

## Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие

Аудандық орталық кітапханасы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің ұйымдастыруымен «Отбасы күніне» орай оқу залында «Отбасы құндылықтары және ұлттық тәрбие» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылды.

Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді, азамат болып өсуінің негізі. Ата-ана және отбасы мүшелері жас нәресте дүниеге келген күннен бастап, оның өміріне қамқорлық жасап, болашағын жоспарлайды және саналы азамат болып өсуі үшін қажет жағдай жасайды.

Отбасының басты қызметі баланы тәрбиелеу. Отбасы құндылықтарын, ұлттық тәрбиені, отбасыларымен кітап оқу үрдісін қалыптастырған әдебиеттің, мәдениеттің мәйегін жете түсіне білетін шараның негізгі кейіпкері Баяндиевтер отбасымен дөңгелек үстел аясында іс шара өтті. Іс шара кейіпкерлері кітапқұмар Баяндиевтер мерейлі отбасы

қатысушы қонақтарға үш қыз, бір ұл тәрбиелеп, оларды аяқтандырып, барлық аналық мейірімен әкелік қамқорлығымызды көрсетуіміздің арқасында тамырын кеңге жайған бәйтеректей өсіп-өніп ұрпақтар сабақтасығы жалғасып, 13 немере сүйіп отырған бақытты жандармыз деп өз сөздерін сабақтастырып, жастарға тәлім тәрбиенің құндылықтарын, кітап оқу үрдісін негізі қағида етіп алғандарын және мерейлі тойда барша қауымға кітаптарды сыйға бергендері төңірегінде тарқатта әңгімеледі.

Дөңгелек үстелде сөз алған аудандық полиция бөлімінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры Айжан Манапова «Тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл» атты тақырып бойынша шараға қатысушы қонақтарға әйелдер мен қыздарға қатысты зорлық-зомбылық қазіргі таңдағы ең жойқын адам құқығы бұзылуының бірі екендігі туралы әңгімелеп, зорлық-зомбылыққа жол бермеуіміз керек, бүгінде

сары, аудандық әжелер алқасының төрайымы Маруа Қайыржанова, ардагер Сатыбалды Жанұзақ, ардагер ұстаз Мизамбай Назым, Мадияр, Тоқбаев Базарбай іс-шара кейіпкері Баяндиевтер отбасына тілек тілеп, естеліктерден сыр шертті.

«Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің психологы Құралай Ыдырысова «Жан-ұя бақытты» атты тренинг жүргізді. Тренингке жас оқырмандар қатысып, өз ойларымен бөлісті. Шараға әлеуметтік сала мамандары, кітапхананың тұрақты оқырмандары, жастар қауымы қатысты.

«Мыңжылқы» мәдениет сарайының өнерпаздары әсем ән жолдап, шараға ерекше серпіліс беріп, мерекелік көңіл-күй сыйлады. Іс-шара соңы оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің басшысы Эльмира Бейсеулова аталмыш тақырып төңірегінде өз ойын ортаға салып, отбасы күнімен құттықтап, Баяндиевтер отбасына ақ тілегін жаудырып, сый – сияпат ұсынып, шараны қортындылады.

## Музей қоры толықты

Созақтық көрнекті қаламгер, Қазақстан Жазушылар және Журналистер Одағының мүшесі Өтеш Қырғызбаев туған елге деген ыстық ілтипатымен бірге құнды дүниелерін



С.Қожанов атындағы аудандық музейге сәлемдеме етіп жіберіпті. Көне жәдігерлер – халық емшісі Қырғызбайұлы Игісіннің қобызы, сабы мүйізбен қапталған қанжары, қамшысы және Ө.Қырғызбаевтың 16 кітабы музей қорын толықтырды.

«Созақ үні»-ақпарат.

ЕСКЕ АЛУ  
КЕШІ ӨТТІ

Таукент кент әкімшілігінің жастар ісі жөніндегі маманы Р.Мырзахметова және Таукент кент модельді кітапханасының ұйымдастыруымен Роза Бағланованың 100 жылдығына орай кенттің ең жас оқушыларымен бірге «Елін-сүйген, елі-сүйген Роза» атты еске алу кеші өтті.

Кеште Роза Тәжібайқызының өмір жолы, өлеңдері және әріптестерінің ыстық ықыласы айтылды. Оқушылар Роза Тәжібайқызының арналған кітап көрмесімен танысып, көтеріңкі көңіл-күймен тарқасты.

## Әділет органдарына 30 жыл

Қазақстан Республикасындағы кәсіптік және өзге де мерекелердің бекітілген кестесіне сәйкес әділет органдары қызметкерлерінің күні 30 қыркүйек болып белгіленген еді. Әділет органдарының 30 жылдығын мерекелеу бойынша Түркістан облысының Әділет департаменті тарапынан дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары құрылды. Сол жоспарда көрсетілген тармақтардың барлығы орындалу барысында.

Бұл мерекені алғаш рет атап өтіп отырған жоқпыз.

Кәсіби мейрамды мерекелеу аясында ұзақ жылдар бойы әділет органдарында мінсіз қызмет атқарып, зейнеткершілікке шыққан қарияларымызды құттықтау жоспарланған.

Қазіргі таңда Әділет департаменті жергілікті атқарушы органдары мен әкімдіктің нормативтік құқықтық актілерін тіркеу, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізу, адвокаттар мен нотариустардың жұмыстарын үйлестіруде және жылжымайтын мүлік құқықтарына бақылау жүргізу бойынша жұмыс атқарып келеді.

Еліміз әлем елдерінің тарихи көшіне ілесіп, жарқын болашаққа бағыт алып келеді. Осы орайда, әрбір адам қолданыстағы заңды жақсы біліп, еліміздің экономикасы, әдебиеті мен мәдениеті, тілі мен дінінің дамуына өз үлестерін қосса, мемлекеттің болашағы баянды, тұғыры биік болатынына сеніміміз мол.

Барлық Әділет органдарының қызметкерлерін 30 жылдық мерекесімен құттықтаймыз.

## Адвокаттың ақысыз қызметін пайдаланыңыз

Бүгінгі таңда қоғамымызда адвокаттың ақысыз қызметін біреу біліп жатса, екінші біреулері мүлдем хабарсыз. Сондықтан қазіргі уақытта адвокаттармен көрсетілетін тегін заң көмегі жайында қысқаша түсіндірме беруді жөн санап отырмыз. ҚР «Адвокаттық қызмет және заң көмегі» туралы Заңының 26 бабына сәйкес, мемлекет кепілдік берген заң көмегін құқықтық ақпарат беру түрінде тегін алуға барлық жеке және заңды тұлғалардың құқығы бар. 1) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылған тұлғаға; 2) Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына және Қазақстан Республикасының әкімшілік сот ісін жүргізу туралы заңнамасына сәйкес талап қоюшыға; 3) Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік заңнамасына сәйкес күдіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға, жәбірленушіге; 4) алименттер өндіріп алу, зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе қандас мәртебесін алу мәселелері бойынша жеке тұлғаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған көмелетке толмағандарға осы Заңда және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі. Адвокаттар қажет болған жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайды.

Мемлекет кепілдік берген заң көмегіне мұқтаж тұлғалардың теңдей қол жеткізуге, өз құқықтары, міндеттері мен шарттары туралы ақпарат алуға, тегін заң көмегін көрсету үшін өтініш жасауға, оны алуға немесе алудан бас тартуға, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсететін тұлғалардың әрекеттеріне не әрекетсіздігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен шағым жасауға,

мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсетілген мәселенің құпиялығына құқығы бар.

Құқықтық консультация беру түріндегі, мемлекет кепілдік берген заң көмегін көрсету өтініш иесі өтініш жасаған кезде бірден адвокаттың қызметтік үй-жайында жүзеге асырылады. Заң көмегін өтініш иесі өтініш жасағаннан кейін бірден көрсету мүмкін болмаған кезде, ол үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде көрсетілуге тиіс. Адвокат өтініш иесіне қабылдау күні мен уақыты туралы қолжетімді нысанда хабарлайды. Егер өтініш иесі жүріп-тұруындағы қиындықтарға байланысты ауыр науқасы, мүгедектігі немесе өзге де мән-жайлар салдарынан адвокат белгілеген қабылдау орнына келе алмайтын жағдайда болса, құқықтық консультация беру оның болатын жерінде жүргізіледі. Тұлға сол бір мәселе бойынша мемлекет кепілдік берген заң көмегін бір рет ала алады. Адвокат шартқа сәйкес заң көмегі көрсетілетін үшінші тұлғаларға осындай көмек көрсету нәтижесінде зиян келтіру салдарынан туындайтын міндеттемелер бойынша кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шартын жасауға міндетті. Адвокат кәсіптік жауапкершілігін сақтандыру шарты болмаған кезде заң көмегін көрсетуге кірісуге құқылы емес. Адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың тәртібі мен өзге де шарттары адвокаттың кәсіптік жауапкершілігін сақтандырудың үлгілік шарты негізінде тараптардың келісімімен айқындалады.

**Б.АБЛАЕВ,**  
**Кентау ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімі филиалының аға сот орындаушысының м.у.а.**

## Зейнетақы жинақтарын мұраға қалдыру кезінде нені білу қажет?

“Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 31, 32, 33-баптарына сәйкес міндетті, міндетті кәсіптік және ерікті зейнетақы жарналары есебін зейнетақы жинақтары бар адам қайтыс болған жағдайда, олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұраға қалдырылады.

Зейнетақы жинақтарын мұраға қалдыру өсиет бойынша немесе заң бойынша жүзеге асырылады. Өсиет болмаған не ол бүкіл мұраның тағдырын айқындай алмаған кезде, сондай-ақ азаматтық заңдарда белгіленген өзге де жағдайларда заң бойынша мұрагерлік орын алады.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 6-бөліміне (мұрагерлік құқық) сәйкес мұраны алу үшін мұрагер мұраны ашу орны бойынша нотариусқа немесе заңға сәйкес мұраға құқық туралы куәлік беруге уәкілетті лауазымды адамға мұраны қабылдау туралы өтініш не мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтініш тастау арқылы оны қабылдауы тиіс. Мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде, яғни мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты ай ішінде мұра қабылдануы мүмкін.

Аталған мәселелер бойынша БЖЗҚ мен нотариустар арасындағы өзара іс-қимылды оңтайландыру, сондай – ақ рәсімді жеңілдету үшін ҚР Әділет министрлігі, Республикалық нотариаттық палата, “ҰАТ” АҚ және БЖЗҚ арасында “Е-нотариат” бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйесі мемлекеттік ақпараттық жүйесі мен БЖЗҚ ақпараттық жүйесінің өзара іс-қимылы туралы шарт (бұдан әрі-шарт) жасалды.

Нотариустар шарт шеңберінде жүзеге асырылған сервис арқылы қайтыс болған адамдардың жеке зейнетақы шоттарындағы (бұдан әрі – ЖЗШ) ақша қалдықтары мен қозғалысы туралы мәліметтерді алу үшін БЖЗҚ-ға онлайн режимінде сұраныстар жолдай алады.

Айта кету керек! Мұраға қалдырылған зейнетақы жинақтарын төлеу тек қана төмендегілер негізінде жүзеге асырылады:

1.БЖЗҚ-ға ұсынылған құжаттар;

2.басқа жеке немесе заңды тұлғалар емес, БЖЗҚ жүзеге асырады;

3.мұрагердің өзінің банк шотына, оның ішінде егер зейнетақы төлемдерін алушы көмекке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз/әрекет қабілеті шектеулі көмекке толған адам болып табылған жағдайда аударылуы мүмкін. Зейнетақы жинақтарын басқа тұлғаның, тіпті заңды өкілдің (қорғаншының/қамқоршының) немесе сенім білдірілген адамның банк шотына төлеуге жол берілмейді.

«Созақ үні»-ақпарат.

## Құрметті жұмыс берушілер!

Қазақстан Республикасының еңбек нарығы белсенді цифрландырылуда. Электрондық еңбек шарттарын жасау қарқын алуда. Электрондық түрде жасалатын еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі енгізілгені өздеріңізге мәлім.

Электрондық еңбек шарты

жүктелген кадр қызметінің басшысы енгізе алады.

**Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне мәлімет енгізу мерзімі:**

1) жаңадан жасалған еңбек шарттары туралы-екі тарап еңбек шартына қол қойған күннен бастап 5 жұмыс күнінен кешіктірмей;

2) еңбек шартына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы-оларға екі тарап қол

## Еңбек шарттарын тіркеу

- бұл жазбаша түрде жасалатын еңбек шартының дәстүрлі нысанына қосымша опция. Еңбек шарттарын тіркеу <https://hr.enbek.kz> сайты арқылы жүзеге асырылады. Ол үшін жұмыс берушілер [hr.enbek.kz](https://hr.enbek.kz) порталында тіркелуі және кәсіпорын туралы мәліметтер ЭЦҚ-мен расталуы керек.

**Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесінің негізгі артықшылықтары:**

-қағаз құжаттарды жинау қажеттілігінің болмауына байланысты жұмысқа орналасу процесін жеңілдету;

-шарттың болуын, қорға жарналар мен аударымдарды көрсету, сондай-ақ жұмыс берушінің жұмыскер алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету арқылы әлеуметтік тәуекелдерден қорғау.

Шарттар екі тілде жасалуы мүмкін: қазақ және орыс. Электрондық үкіметтің жеке кабинетінде «Еңбек қызметі» бөлімінде ағымдағы еңбек шарты туралы ақпаратты тексеріп көруге болады. Онда кәсіпорынның атауы, шарттың жасалған күні, нөмірі және лауазымы көрсетіледі.

Жұмыс беруші еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне кадрлық қамтамасыз етуді еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесімен интеграцияланған еңбек шарттарын есепке алуды автоматтандыруға арналған басқа ақпараттық жүйелер арқылы ақпарат енгізеді:

-жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату туралы;

-еңбек шартына енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы.

**Еңбек шарттары туралы міндетті мәліметтер:**

-тараптардың деректемелері: жұмыс берушінің-жеке тұлғаның ЖСН немесе жұмыс берушінің-заңды тұлғаның БСН, жұмыскердің ЖСН;

-белгілі бір мамандық, кәсіп, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмыс (еңбек функциясы);

-жұмыс орындау орны;

-еңбек шартының мерзімі;

-жұмыстың басталу күні;

-шарттың жасалған күні және реттік нөмірі.

**Еңбек шарттары туралы қосымша мәліметтер:**

-жұмыс уақыты мен демалыс режимі;

-еңбек шартын бұзуға негіздер;

-әскери міндет.

Мәліметтерді жұмыс беруші немесе жұмыс берушінің актісі бойынша аталған міндет

қойған күннен бастап 15 күнтізбелік күннен кешіктірмей;

3) жұмыскер жұмысқа қайта оралған жағдайда түзету туралы-қалпына келтіру күнінен бастап 10 жұмыс күні ішінде;

4) мәліметті дұрыс енгізбеген жағдайда қатені түзету туралы-бастапқы деректер енгізілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде;

5) егер жұмыскердің және (немесе) жұмыс берушінің деректемелері қате енгізілген болса, мәліметті жою-алғашқы жазба енгізілген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде;

6) еңбек шартын тоқтату туралы-еңбек шарты бұзылған күннен бастап 3 жұмыс күнінен кешіктірмей.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 23-бабы, 2-тармағы, 27) тармақшасына сәйкес, жұмыс беруші: еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен жұмыскермен еңбек шартын жасасу және тоқтату, осы Кодекстің 28-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4), 5) және 13) тармақшаларында көзделген мәліметтер қамтылған, оған енгізілетін өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне енгізуге міндетті.

Мерзімді бұзған немесе еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне деректерді көрсетпеген жағдайда жауапкершілік: Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексында еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне мәліметтің енгізілмеуі немесе уақтылы енгізілмеуі үшін тікелей жауапкершілік қарастырылмаған. Алайда, осы талаптардың орындалуын мемлекеттік еңбек инспекторлары мемлекеттік бақылау шеңберінде жүзеге асыра алады және егер жұмыс берушілер еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне мәлімет енгізу бойынша өз міндеттерін орындамаса, жою мерзімі көрсетілген нұсқама беріледі. Мемлекеттік еңбек инспекторының нұсқамасы орындалмаған жағдайда материалдар әкімшілік жауапкершілікке тарту үшін сот органдарына жіберіледі.

Осы орайда, жұмыс берушілерді еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне заңнамада көрсетілген мерзімде тіркелуін қамтамасыз етуге шақырамын.

**Мұрат ТӨЛЕНДИЕВ,**  
**Түркістан облысының еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының мемлекеттік еңбек инспекторы.**

Дүйсенбі, Қыркүйек айының 12 күні Шолаққорғандағы Кәсіпкерлік мектептің ғимаратында аудан әкімдігі Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Мейірманов Қайырбек пен осы бөлімнің мамандары Байбабаев Ақберген, Жүзжігітов Ермек және «Атамекен» ҰҚП-ның ауданымыздағы бөлімшесінің директоры Арман Анарбаевтың қатысуымен Созақ вермифермерлерінің алғашқы бас қосуы болып өтті. Басқосуға ауданымыздың ауыл-ауылдарынан вермифермерлік кәсіпті жаңадан бастап жатқан азамат-азаматшалар келіп қатысты. Вермифермерлердің өздері ұйымдастырған жиынның мақсаты өзара танысып, елімізде «Қазақстан Вермифермерлер Одағы», Комитеті мен Кооперативі құрылғаны жайлы жергілікті билік өкілдеріне, бұқара халыққа білдіру еді. Сонымен, екі сағатқа жалғасқан жиында ауданымыздың вермифермерлері өздеріне



Ж.Баррет есімді ғалым түрлі жауын құрттарын будандастыру арқылы шығарған көрінеді.

Жалпы, бұл Калифорниялық қызыл құрттың ұзындығы 10 см, диаметрі 3-5 мм, ал, дене салмағы шамамен 1 гр тартады. Өмір сүру ұзақтығы 16 жылды құрайды және кәдімгі жауын құрттарына қарағанда 150 есе тез көбейеді екен. Нақтырақ айтсақ, 21 күнде жаңа ұрпақ шығарады-мыс. Бар болғаны екі шұбалшының ұрпағы жылына 1,5 мыңға дейін көбейеді. Сондай-ақ, бұл Калифорниялық қызыл құрт жаратылысынан үй жануары секілді айнала-сына ешбір зарары жоқ жәндік. Тағы да оны өсірудің еш қиындығы жоқ, ниет еткен адам есігінің алдынан бос жер тапса болды, табиғаттың (ауа райының) кез-келген жағдайында кедергісіз өсіре алады. Тек, қажетті технологияларын сақтаса болды. Тамақты да көп талғамайды. Басты тамағы аса ескірмеген (1-1,5

# Созақ вермифермерлері бас қосып,

қажетті ақпараттарды осы бір кәсіппен сәл ертерек айналысқан азаматтар Болысбаев Бақытхан (Созақ ауылынан) мен Есмағанбетов Жолдас-тан естіп, одақтың, комитет пен кооперативтің жұмыстарына қанықты. Әрбір вермифермер өзінің неше квадрат жерге шылаушын салып, биогумус өндіріп отырғандығы жөнінде әңгімелеп берді. Жиынның соңында Қайырбек Мейірманов пен Арман Анарбаев осы бір жаңа қалыптасып келе жатқан кәсіп иелеріне алдағы уақыттарда заңның шеңберінде мейлінше қолдау білдіруге, еліміз үшін де жеріміз үшін де пайдасы зор шаруашылықты қалың бұқараға кеңінен насихаттауға уәде берді. Тіпті, Кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы жылдағы әдет бойынша Қыркүйек айының 22 күні өтетін «Алтын Күз» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесіне қатысуға шақырды. «Мақұл десеніздер, сіздерге де арнайы орын әзірлеп берейік, дайын өнімдеріңізді әкеп қойып, шаруа қожалықтардың иелеріне биогумус жайлы ақпарат беріп, оның егістік жерлердің құнарлылығын арттыру мен химиясыз, табиғи өнім берудегі пайдалары жайлы айтып беріңіздер! Аудандық вермифермерлерге де бұл ұсыныс әбден ұнады! Сонымен, ауданымыздың тұрғындары, шаруа қожалықтардың төрағалары вермифермерлік кәсіп, шылаушын асырап-биогумус өндіру жайлы әрі қысқа әрі нұсқа ақпараттарды сол жәрмеңке барысында алып, үйренетін болады!

## Вермифермерлік кәсіп пен биогумус жайлы бірер сөз

Жалпы, вермифермерлік кәсіп, шылаушын өсіріп, биогумус өндіру жайлы менің бірер жылдардан бергі таныс інішегім, Назаров Жасұланнан естіп, ватсап чаттарға соның жіберген аудио-видео және электрондық бағыттағы материалдарын қарап жүретінмін. Ә, дегенде: «Аталарымыздың: «Есектің артын жуып мал тап!» дегенін естіп өсіп едік, малдың қиын жуып, мал тапқанымыз қалай болар екен?», деп, көкесінен күлген кездерім де болды. Дегенмен, осыдан бір-екі ай бұрын сәті түсіп, Шымқаладағы «Канвас» қонақ үйінде өткен Қазақстан вермифермерлерінің кезекті конференциясына шақырту алып, екі күн бойы білім алып, «Вермифермер» деген сертификатқа ие болғаным бар еді. Тағы да бұрыннан елімізде «Қазақстан вермифермерлер Одағы» құрылғанын естіп, осы бағытта жұмыс жасайтын комитет пен кооператив құрылғанына да көзімнен куә бол-

дым және мүше боп тіркелдім. Негізінен, бұл Қазақстан вермифермерлері кооперативіне ауданымыздың бірнеше азамат-азаматшалары да мүшелікке өтіп, жаңадан кәсібін бастады!

Жә, сонымен, елімізде вермифермерлер одағы мен комитеті және кооперативі құрылғаны жайлы айттым және бұған кейіндеу кеңінен тоқталармын. Ал, әзірше осы қоғамымызда жаңадан қалыптасып келе жатқан кәсіп, ауыл шаруашылығы мен азық-түлік қауіпсіздігі салаларына «ноу-хау» болып келген биогумус өндірісі жайлы білгенімше, бірер сөз айтайын! Ол үшін әрине, «Шымшық сойса да қасапшы сойсын!» деген халық даналығын басшылыққа алып, бас-аяғы 12 жылдан бері шылаушын өсіріп, биогумус өндіруді кәсіп етіп келе жатқан, жоғарыда сөз етілген, «Қазақстан Вермифермерлері Комитеті»-нің төрағасы Бақытжан Әсембековпен болған сұхбатымызды сіздердің назарларыңызға ұсынғалы отырмын:

-Бақытжан мырза, әуелі Созақ аудандық «Созақ үні» газетіне сұхбат беруге келіскеніңіз үшін сізге алғысымызды білдіруге рұқсат етіңіз! Кейін, сізге қояр алғашқы сауалым мынау: «Біздің оқырмандарымызға алдымен «Вермиферма (вермифермер), калифорниялық шылаушын, биогумус сөздеріне қысқа әрі нұсқа анықтама бере кетсеңіз!»

-Жалпы, «ферма» сөзі біздің отандастарымызға сонау Кеңес заманынан таныс сөз. Себебі, барлығымыз да бала күнімізден жылқы, сиыр, құс т.б. фермаларды көзімізбен көріп өстік. Ал енді, «Вермиферма» деп, жаңа сіз өзіңіз сөз еткен «калифорниялық қызыл шылаушын» намымен дүниеге танымал (хит) болып жатқан қазақша айтсақ «жауын құртын» ұстайтын ферманы атайды. «Вермифермер» деп те өздеріңіз ұғып отырғандай сол ферманың иелерін атайды. Тек, вермифермер болу үшін міндетті түрде кісінің шаруа қожалығы, иелігінде де гектарлап жері, арнайы салынған қоралары болуы шарт емес, егер, кең көлемде жұмыс жасаймын демесе. Сондай-ақ, «Биогумус» сөзіне анықтама берер болсақ, ауыл шаруашылығымен, оның ішінде егістікпен айналысып жүрген диқандарымыз жақсы біледі, бұған дейін бүкіл әлемде және біздің елімізде де тыңайтқыш ретінде бірыңғай химиялық тыңайтқыштар (селитра т.б.) пайдаланып келдік. Нәтижесінде, атадан балаға мирас болып қалған ұлан байтақ жерлеріміз тозып, құнарлылығы төмендеп, түрлі ауруларға ұшырап жатыр. Бұған, химиялық тыңайтқыштарды қолданып алған көкөністер мен бақша өнімдерінің адам ағзасына

әкеліп жатқан орасан зор зиянын қосыңыз. Осы жерде айта кететін жәйт, бұл жер мен елге химиялық тыңайтқыштардың әсерінен төнген қауіпті дүние жүзінің ғалымдары аңғарып, міне бірнеше жылдан бері мұнан бас тартып, таза, табиғи әрі органикалық тыңайтқыштарды өндіріп, өндіріске қосуды қолға алып келеді. Ал, «Биогумус» сол органикалық тыңайтқыштардың бірі де бірегейі. Әлемде, аналогы жоқ десек, артық айтқандық болмас!

-Ендігі жерде, бүгінгі тақырыбымыздың басты кейіпкері (осы жерде жақсылап күліп аламыз) калифорниялық шылаушын жайлы айта кетсеңіз. Оның сіз бен біз бала күнімізде жер аударғанда көріп немесе балық аулауға пайдаланып келген кәдімгі шылаушыннан нендей айырмашылығы барын сөз етсек! Олай дейтінім, біріміз «шылаушын», біріміз «құрт» атап келген бұл жәндіктің калифорниялық түрі жайлы қазіргі таңда қоғамымызда әңгіме көп. Онымен тікелей зерттеп, білімін алу арқылы айналысып жүргендер болмаса, былайғы жұрт үшін Жаратқанның бұл жаратылысы тура бір фантастикалық кинолардағы өзге планеталық жәндік сияқты сырын ішіне бүгіп жатқаны анық!

-Дұрыс айтасыз, осыдан 50 жыл бұрын біреу: «Бір замандарда бір жердің құрты шығады да бүкіл адамзат баласы үшін тіршіліктің көзі болған (жер, су мен ауа) үштіктің бірі жер менен сол жердің халифасы адамзат баласының азық-түлік қауіпсіздігін шешіп тастайды!» десе ешкім сенбес еді. Тіпті, ақылыңнан алжасқан шығарсың дер ма еді! Дегенмен, сол 70 жыл бұрын аңыз-ертегідей көрінуі мүмкін дүние, бүгін XXI ғасырда ақиқатқа айналып отыр. Сонымен, дүние халқының, оның ішінде ғалымдардың, ауыл шаруашылығы саласында жүрген кәсіпкерлердің, қарапайым халықтың қызығушылығын тудырып отырған «калифорниялық қызыл құрт» жайлы біз не білеміз? Калифорниялық қызыл құрт-латынның: «Eisenia foetida» сөзінен шыққан, сақина тәріздес құртының «Lumbrigidae» тұқымдасына жататын шылаушын түрі. Латыншадан аударғанда «Eisenia foetida» сөзі «сасық» деген мағынаны білдіреді екен. Калифорниялық бұл қызыл құрт түрін 1959 жылы Калифорния штатының Университетінде Томас.

жылдан аспаған) төрт түлік малдың (құстың, қоянның т.б. бола береді) қиы,арпа мен бидайдың сабаны секілді, улы емес шөп түрлері мен жапырақтар және жеміс-жидек, көкөніс пен бақша өнімдері бола береді. Ең бастысы, органикалық заттар болса болды. Ең маңыздысы, екі шаршы метрден жылына 1 тонна биогумус алуға болады. Қыста жылы жерде ұстап, күн жылынған кезде (үй жағдайында) бауға немесе бақшаға жіберуге де болады. Өсімдік атаулының қалдығымен қоректеніп, оны қара шіріндіге айналдырады. Ал енді, калифорния-



лық бұл қызыл шылаушынның шығарған өнімін (қара шіріндіні)- биогумус деп атайды.

-Ендеше, әрі қарайғы әңгімемізді осы «биогумус» жайлы өрбітсек! Олай дейтінім, менің ұққаным жоғарыда айтқандай ел мен жердің игілігі үшін аса маңызды болған тіршіліктің төртінші кезі осы «биогумус» болып отырғандай.

-Ұғымыңыз әбден орынды! Шындығында, қызыл құрттың Калифорниялық деген атауды абыроймен тасып жүрген бұл түрін табиғат атаулыны, жер ана мен адамзат қоғамын құтқарушы материалдық құндылықтардың бірі деп қабылдаудың еш сөкеттігі жоқ.

(Сұхбат алушының сөзі: «Бір сөзбен айтқанда, 30 жылдан бері мемлекеттің мүлкін, халықтың қазынасын шашып келген жемқор шенеуніктерден шылаушан екең шылаушан артық боп тұр десеңізші. Халықтың қазынасын емес, қалдығын жесе де ел мен жерге аса құнды дүние шығарып береді екен да! Әрине, реті келген әдемі әзіл деп қабыл алыңыздар). Сонымен, «биоғумус» деп аты айтып тұрғандай жер құнарлығын арттыруда маңызы зор бұл шірінді «био» таза табиғи (органикалық) өнім болып табылады. Негізінен, биоғумус кез –келген бау-бақшаны жайқалтып жібереді. Нәтижесінде, диқан немесе бағбан өнімді әдеттегіден еселеп алатын болады. Егер қызыққан адам болса, бұл жайлы ғаламтордан, оның ішінде ютубтан қаншалық дәлелді дәйектерді оқып, көріп-тамашалауға болады. Мұндай тыңайтқыш берілген егістік жерлер төрт жылға дейін өзінің құнарлығын сақтайды.



-Иә, дұрыс айтасыз Қазақстан Вермифермерлері үшін тарихи бір оқиғаның куәсі болғаным бар. Жалғыз мен ғана емес, жоғарыда аттары аталған жерлестерім Болысбаев Бақытжан (Сөзақ ауылынан) мен Есмағанбетов Жолдас (Жико) және Назаров Жасұлан да кооператив пен комитетке және одаққа мүше болды. Бақытжан Мырзанұлы жоғарыдағы сұрақтың жалғасына өтсек! Ендігі жерде комитеттің жұмыстары жайлы кеңінен әңгімелеп берсеңіз!

- Иә, комитет болса жоғарыда сілтеме жасап кеткенімдей, кооперативтің бүкіл жұмыстарын реттейді. Мәселен, кооперативті мемлекеттік органдарға тіркеп, стандарт дайындау, лаборатория ашып, лицензия дайындау, вермифермерлерді оқытып-сертификаттау, ішкі және сыртқы нарыққа шығудың тетіктерін қарастыру секілді бірқатар жұмыстармен айналысады. Қазір, тәпәтәмде көп нәрсе есіме түспей

## КООПЕРАТИВ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Жалпы, табиғатынан өте белсенді әрі экологиялық тұрғыдан таза өнім, биоғумусты өндірумен бүкіл дамыған мемлекеттер айналысуда. Әсіресе, Еурпадағы озық елдердің химиялық тыңайтқыштардан бас тартып, органикалық тыңайтқыш түрі биоғумусқа өтіп, өндіріске өндіргендеріне жарты ғасырдан астам уақыт болды. Әрине, алғашқы кезеңдерде дәл қазіргідей қарқын болмады. Сол себепті де біздің халқымыз мұнан кеш хабардар боп отыр. Әйтпесе, көрші Ресей мемлекетінде бұл вермифермерлік кәсібінің дамуы, биоғумус өндірісінің жүріп кеткеніне де біраз жылдар болған көрінеді. Ал енді, көршілес Өзбекстан мен Қырғызстан елдері бұл ретте бізден екі-үш жыл алда келе жатыр. Дегенмен, біздерді бір қуантатын жәйт, біздің еліміздің бұл вермифермерлік кәсіпті дамытудағы әлеуеті сол бауырлас мемлекеттердің қай-қайсысынан да зор. Олай дейтінім, біздің жеріміз ұлан-байтақ кең, даламыз да қорамыз да төрт түлік малға, өсімдіктің түр-түріне (шөп, ағаштың бұтағы мен жапырағы т.б органикалық қалдықтарға) айтарлықтай бай. Міне, осы себепті де «еш-тен кеш жақсы» деген бабалар өсиетін басшылыққа алып елімізде осы вермифермерлік кәсіпті кәдімгідей кең көлемде, мемлекеттік деңгейде дамытуымыз керек. Әйтпесе, жаңағы айтқан Ресей, Өзбекстан мен Қырғызстан елдері біздің нарығымызды жаулап бастады. Демек, бізге уақытты өткізбей әуелі ішкі нарықты толықтай өзіміз қамтып алуымыз керек. Кейін, қазіргі таңда бұл биоғумусқа Араб мемлекеттері мен Қытайдың нарығында сұраныс көбейіп тұр және біздің еліміздің бұл бағытта әлеуеті де мықты боп тұр. Ендеше, бұл фермифермерлік халқымызды әуелі сауаттандырып, кейін материалдық қолдауды мықтап қолға алуымыз қажет. Әрине, аталмыш бағытта елімізде мемлекет пен жеке тұлғалар тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылуда. Міне, осы ретте елімізде вермифермерлер одағының, комитеті мен кооперативінің құрылып, қазіргі таңда барлық рәсімдеу, жоспарлау жұмыстарының жүріп жатқанын мақтаншыпен айта кетуге болады.

Жоғарыда айтқанымдай, калифорниялық бұл қызыл құрт органикалық шірінділерді жеп, биоғумус шығарады және омыртқасыз болып келетін бұл жәндік бауырымен жылжып отырып, өзінің азығы болған әлгі органикалық қалдықтарға өзінің денесінен бөлінетін ферменттерді шашып, толықтай ферментациядан өткен дай-

ын шірінділерді шығарып береді.

-Ендігі жерде, бұл шылаушындарды қайдан, қандай көлемде және қандай жағдайда алған дұрыс, алдағы уақытта осы кәсіппен шындап айналысамын деген оқырманналарымызға бұл жөнінде нендей кеңес берер едіңіз?

-Негізінен, бұл вермифермерлікті кәсіп етіп, отбасымды асыраймын, артылып жатсам әйтеуір ел мен жерге пайдамды тигізсем деген қандастарымыз болса, шылаушанды әдегеннен үлкен көлемде алуға әре-

кабылдаумен ғана емес, сол шылаушынды сатып алып кәсіп бастаймын деген адамға осы бағытта білім беруді, оның кәсібі дөңгелеп кеткенше шефтікке алуды, яғни, биоғумус шығаруда кездесетін барлық процесстерді қадағалап отырады. Онымен де тынбай, кооператив вермифермерлеріміздің кәсібін кеңейтуі үшін базасын дайындауға (өндіруге қажетті барлық техникалармен қамтамасыз ету), дайын өнімін нарықтағы бағаға сатып алып, ішкі және –сыртқы нарыққа шығаруды өз

отырғаны, бірақ, болашақта отандық БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде бұл жайында кеңінен сөз қыла берерміз деп ойлаймын!

-Бәке, сөз соңында бұл биоғумустың еліміздің экономикасы мен экологиясына қосар үлесі жайлы тарқатып айтып берсеңіз!

-Сұрағыңыз өте орынды! Біріншіден, елімізде бұл вермифермерлікті дамыту арқылы қоғамымыздың бір түйткілді мәселесі боп тұрған жұмыссыздықтың деңгейін төмендетуге болады. Ол қалай десеңіз, вермифермер болу үшін көп шығынның, аса бір мықты денсаулықтың және материалдық шығынның қажеті жоқ. Қораңызда (қажетті деңгейде қиын алатын) төрт түлік малыңыз, есігіңіздің алдында бау-бақшаңызда жеміс ағаштары, егістік жерлеріңізде дәнді-дақылдар мен көкөніс және бақша өнімдері (органикалық қалдықтарын алатын шөп, ағаштың бұтақтары мен жапырақтары т.б) болса болды. Ең бастысы, күшті ниет пен бос жер болса болғаны. Әрине, алдын айтқанымдай мүмкіндік болып кең көлемде айналысса тіптен жақсы. Алайда, теңге тыннан құралады деп, барымен бастай беру де абзал. Сонда, елімізде екі қолын қалтасына салып немесе екі аяғын көкке асып жатқан ер азамат пен екі қолын өкіметке жайған шарасыз аның, алаңдарға шығып, шенеуніктердің есігін қаққан әйел азаматшаларымыздың қатары сиреп, керісінше, бай-бақуатты бауырларымыздың қатары артады деп үміттенемін! Екіншіден, қазіргі таңда бабаларымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен қорғап аманаттап кеткен кең байтақ жеріміздің әбден тозып, тіпті, ауруға ұшырап жатқанын Президентіміз бастап, ғалымдарымыз қолтап жарыса айтуда. Міне, сол жердің құнарсыздануының және ауруға ұшырауының алдын алудың бірден бір жолы осы вермифермерлікті дамыту боп тұр!

-Бақытжан Мырзанұлы! Көріп отырғаныңыздай, уақыт та сырғып біраз жерге барып қалыпты. Әрине, бұл вермифермерлік кәсіп, калифорниялық қызыл құрт және биоғумус жайлы сағаттап сұхбат соғуға да болады. Дегенмен, келесі жолға да айтарымыз болсын. Бал алушыға бал бергенше, жалатқан жақсы деп, біз де оқырмандарымызға кәсіппен нәсіптің балын жалатқандай болып қалайық. Уақыт тауып, сұхбат беруге келіскеніңіз үшін сізге мың алғыс! Еңбекте табыс тілейміз!

Сұхбаттасқан:  
Данияр БЕК.



кет еткен жөн. Өйткені, неғұрлым кең көлемде алып, аумағы үлкен жерге жайса, соғұрлым көбірек табысқа қол жеткізеді. Ал, қайдан алуға келсек, құдайға шүкір қазіргі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде шылаушын асыраушы вермифермерлеріміздің қатары артып келеді. Ендеше, сол біздің одаққа, комитет пен кооперативімізге мүше болған танымал вермифермерлерімізден сатып алса нұр-үстіне нұр болар еді. Өйткені, білесіздер базар болған жерде саудагерлердің барлығы бірдей иманды, адамгершілікті болып келе бермейді. Танымайтын-білмейтін біреуден алып арандап қалғанша, танитын, ертең тауып алып есебін ала алатын кооператив мүшесінен алған әлдеқайда тиімді. Ал енді, шылаушын сатып алуда тағы бір аса мән беретін жәйт, сатып алатын шылаушының тығыздығы. Бұл жерде сол отандастарымыз алаяқтарға алданып қалмас үшін әуелі біздің кооперативке мүше болуы маңызды. Себебі, кооператив өзіне мүше болған вермифермерлердің тек жарнасын мүшелікке

мойнына алады.

-Жоғарыда, комитет және кооператив құрылғаны жөнінде айтып қалдыңыз, енді сол ұйымдардың әрқайсысының қызметіне жеке-жеке, қысқа-нұсқа тоқталып өтсеңіз!

-Иә, жуырда еліміздегі вермифермерлердің басын қосып «Құнарлы Жер» кооперативін құрдық. Өзіңізде білесіз, бас-аяғы 5 мыңға жуық кәсіпкерлеріміздің басын қосып, бірнеше рет конференциялар, семинар сабақтар өткізіп, өзіңіз секілді азаматтарымызға «Вермифермер» деген статус беретін сертификаттар беріп, құжаттандырып қойдық. Бұл кооперативтің төрағасы болып Алматылық вермифермер, бұл салада үлкен тәжірибесі бар Әбдірасул Пернебек есімді азаматты сайлап алдық. Мұнан бөлек, осы кооперативтің мемлекеттік деңгейдегі бүкіл жұмыстарын үйлестіру мақсатында комитет те құрдық. Комитеттің төрағалығына да кооператив мүшелері бірауыздан мені, Әсембеков Бақытжан Мырзанұлыны лайық көрген жайы бар. Оның ішінде өзіңіз де барсыз, Дәке!

Сыбайлас жемқорлық – бұл мемлекеттік билікті жеке бас пайдасы үшін, үшінші бір тұлғалар мен топтардың мақсаты үшін асыра пайдалану. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас жемқорлық–бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Сыбайлас жемқорлықты білдіретін белгілердің бірі пара алу не беру болып табылады.

Пара дегеніміз не? Бұл

арқылы параға сатып алу болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ісқимыл - субектінің өз өкілеттіліктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою

лықтың мінез құлық нормасына айналуы тиіс.

Әрбір Қазақстандық отбасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің бүкіл қоғамның ісі екенін тусіну керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру өскелең ұрпақтың жұмыс қағидатында маңызды рол атқарады. Сыбайлас жемқорлықты ұлттық мәдениетке жат құбылыс ретінде сезіну және қабыл-

## Сыбайластықтың жолын кесу-азаматтық парыз

лауазымды тұлғаның басқа бір тұлғадан лауазымына қатысты көрсететін қандай да бір қызмет түріне берілетін ақша немесе өзге игіліктерді алуы. Сыбайлас жемқорлық - жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың және оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өкілеттіліктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаға мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалану, игіліктер мен артықшылықтар беру

жөніндегі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу тексеру, және олардың салдарларын жою жөніндегі қызметі. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық - бұл үшін заңда әкімшілік және қылмыстық жауаптылық белгіленген сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы әрекет не әрекетсіздік. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік әрбір қазақстан азаматының ұстанымына, адалдық пен сатылмаушы-

дамау қоғамымыздың сыбайлас жемқорлыққа қарсы екендігінің негізі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады. Сыбайлас жемқорлық тамыры тереңге бойлаған індет. Қолында билігі бар азаматтар сыбайлас жемқорлық көріністеріне қолдан келгенше тосқауыл болып, өзгелерге үлгі болуы тиіс.

**Ерлан МАНАПОВ,**  
**Созақ ауданының**  
**қорғаныс істері**  
**жөніндегі бөлімінің бас-**  
**тығы, подполковник.**

## Жемқорлықпен күрес-әр азаматтың міндеті

Жемқорлықпен күресу- Қазақстан Республикасы мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. «Қазақстан-2050 Стратегиясы: мемлекеттің жаңа экономикалық бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауында «негізгі мақсатымыз-жемқорлықты мүлдем жою мақсатына жету үшін, жемқорлықпен күресу жолындағы жұмыстарды күшейту, сонымен қатар жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру жолдарын да қолдану» жайында айтылған.

Жемқорлықпен күрес қылмыспен күресудегідей барлық талаптарға сай келуі тиіс, сонымен қатар, сыбайлас жемқорлық бойынша қылмыс жасаған адамдарды жазалау мен шектелмеуі тиіс.

Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарын сақтау мәселелері талқыланды. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы, сыбайлас жемқорлықты түсіндіруге жол бермейді», әкімшілік іс жүргізу кодексінің талаптары, экстремизм мен діни терроризмнің алдын алу. Кездесу соңында дөңгелек үстелдің қатысушылары бірауыздан қорытындыға келді, бұл күрестің жемқорлыққа жол бермейтіні шексіз болуы керек. Тек бірлескен күш-жігер арқылы нәтижеге қол жеткізуге болады.

**Әлібек БАҚЫТБЕКҰЛЫ,**  
**Созақ ауданының Төтенше жағдайлар бөлімінің**  
**бас маманы, азаматтық қорғау капитаны.**

## Газ баллондардан сақ болыңыздар!

Тұрмыстық газ (пропан) өрт немесе жарылыстың пайда болуына маңызды қауіп-қатер тудыратыны барлығымызға мәлім. Газды қолданумен байланысты өрттердің баршасы баллондарды немесе газ плиталарды дұрыс емес пайдаланғандықтан туындайды. Қазіргі таңда біздің ауданымыздың елді мекендерінде газ баллондарын жүзеге асырушы фирмалар, негізінде, газ плиталарына техникалық қызмет көрсетпейді және оларды орнатпайды, тек газ баллондарын сатумен ғана айналысады. Сондықтан пәтерлерде газ плиталар мен баллондарды дұрыс пайдалану үшін жауапкершілік үй иелеріне жүктеледі. Газ баллондарын орнату және газ плиталарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігінің мына ережелерін қатаң сақтау керек. Газ баллонды сатып алғанның өзінде, газ баллонның клапанының өткізбеушілігі мен тығыздауыш резеңке сақинасының жағдайы тексерілуі керек, бұны газ баллондарын жүзеге асырушы фирманың қызметкері істеуі тиіс.

Сондай-ақ, газ баллонының пісірілген жерінің тұтастығын көзбен шолып тексеру керек. Газ баллонына плита редукторын орнатқаннан кейін редуктор клапанын ашу қажет, сонымен бірге плитаның шүмектері жабық қалпында болуы тиіс. Осыдан кейін сабынның көпіршігі көмегімен газ баллоны мен плитаның резеңке майтүтігі жалғасқан жерде редуктордың өткізбеушілігін (герметикалығын) тексеру керек. Жалғасқан жерде саңылаулар болса, сабынды көбікте көпіршіктер пайда болады, тап осы жағдайда редуктордың жағдайын тексеру керек, баллонның тығыздағыш резеңке сақинасының тұтастығына тағы бір рет көз жеткізу қажет. Кез келген жағдайда жалғасқан жерлерде өткізушілік болғанда, газ плитасымен қолдануға тыйым салынады. Сондай-ақ, резеңке

түтіктің тұтастығын көзбен шолып тексеру қажет. Редуктордың өткізбеушілігін тексеру үшін ашық отты қолдануға үзілді-кесілді тыйым салынады. Дәл осылай газ плитасындағы газ түтіктерінің өткізбеушілігін кейкейде тексеру қажет. Газ плитасымен қолданған кезде: жалғасқан жерлердің өткізбеушілігін тексерусіз газ плитасымен қолдануға; газ плитасымен қараусыз қалдырмаңыз; балаларға плитамен қолдануға жол бермеңіздер; плитада жанғыш сұйықтықтарды жылытуға тыйым салынады. Егер Сіз болмай қалғанда, плитадағы от сөніп қалса, сақ болыңыз, сөніспеш қақпағында тағамның қайнағандығынан газ баллоннан бөлмеге шығып кетуі мүмкін екендігін есте сақтаңыз. Бөлмеде газды ауалы қоспа пайда болуы мүмкін, осы жағдайда кез келген от немесе ұшқыр өртке әкеп соқтыруы мүмкін.

Газ баллонының тұтануы пайда болған кезде тыныштық сақтау керек және газ баллонының жарылысы тек баллонға сырттан түскен жоғары температура әсерінен ғана болуы мүмкін екендігін есте сақтаңыздар. Тұтануды өшіру үшін баллонды дымқыл матамен нықтап жабу керек. Егер баллонды өшіре алмасаңдар, жанып жатқан баллонды пәтерден шығару керек және 101 телефоны бойынша өрт қызметін шақыру қажет. Тұрмыстық газды дұрыс емес пайдалану өрттерге, күйіктерге және т.б. салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екендігін тағы бір рет естеріңізге саламыз. Өзіңізді өрттің қауіп-қатеріне душар етпеңіз! Әрдайым өрт қауіпсіздігінің ережелерін сақтаңыздар!

Құрметті Созақ ауданының тұрғындарымен қонақтары газ баллонды пайдалану кезінде көрсетілген қауіпсіз ережелерді қатаң сақтаңыздар.

**Созақ ауданының**  
**Төтенше жағдайлар**  
**бөлімі.**

Бірақ та егер қайғылы оқиға орын алса, осы төтенше жағдайда келесі іс-қимылдарды білу және жасау қажет. Өрт болған жағдайда, оны бірінші көрген адам болған жағдай туралы 101 телефонына хабарлау керек. Міндетті түрде өрт болған жердің және ме-

кекінің қалдығын қайда болса сонда тастап, тийым салынған жерлерде темекі тартып, темекінің қалдықтарын ағаштан жасалған бұйымдарға немесе отқа тие қалса жана кететін заттарға жақын қояды. Жатып алып темекі шеккен өте қауіпті, әсіресе мас күй-

## ПЕШІҢІЗ ҚЫСҚА ДАЙЫН БА?

Қазіргі таңда тұрғындар пештерді жылытудың әртүрлі тәсілдерін қолдануда, атап айтар болсақ газ, көмір-отын, дизель отыны және т.б. материалдарды пайдалануда. Пешіңіздің жылыту маусымынан алдын және жылыту маусымы кезінде екі айда кемінде бір рет міндетті түрде тазалап тұру керек. Себебі әртүрлі жанбай қалған заттар мен қалдықтардан мұржадағы түтін шығу жолдарына толып, түтін шықпай қалып, көмірқышқыл газынан уланып қалып жатады.

Пешті жағудан алдын және жағу кезінде төмендегідей өрт қауіпсіздігі ережелерімен талаптарын сақтаңыздар, атап айтқанда:

- пеш жағудан алдын міндетті түрде маманға мұржаңызды тазартыңыз;
- мұржаңыздың айналасына диаметр кемінде 38 см етіп жанбайтын (темір және т.б.) затпен жасаңыз;
- пештің алдына кемінде 35 x 45 см етіп темір орнатыңыз;
- пешті жағу кезінде бензин, керосин және т.б. тез тұтанғыш заттарды қолданбаңыз;
- пештің айналасына жанғыш заттар (қағаз, мата, киім-кешек және т.б.) қоймаңыз;
- пешті жағып, қараусыз жас балаларға қалдырып кетпеңіздер;
- балаларға пеш жақтырмаңыздар;
- ескі көмір мен жаңа көмірді бірге жинамаңыздар;
- көмір-отынды жинау кезінде өрт қауіпсіздігін сақтаңыздар;
- Азаматтар өрт қауіпсіздік Ереже талаптарын сақтаңыздар!
- Өрт бола қалған жағдайда 101-сымтізбегіне хабарлаңыздар!

## Өрт шыққан жағдайда алғашқы іс әрекеттер

кен-жайын дұрыс айту, хабарласушы фамилиясын атау, тез арада көршілерге хабарлау қажет. (түнгі уақытта оларды міндетті түрде ояту керек). Осыдан соң қолда бар құралдармен (өрт сөндіргішпен, сумен) өртті сөндіруге кірісу керек. Бірақ ең алдымен, әрине адамдарды тез арада қауіпсіз жерге ауыстыру қажет. Ал өрт сөндірушілер келген кезде оларға төтенше жағдайды ауыздықтау шараларын жүргізуге кедергі келтірмеу керек. Соңғылардың жұмысын өрт болған жерге жөндеудің ашық болуы және үйдің номер белгілерінің жақсы көрінуі тездетеді және жеңілдетеді. Ең бастысы үрейге бой алдырмау қажет.

### Темекі тарту кезінде абайсыз болу - өрттің себебі

Адамдар көбінесе темекіні от алдырғаннан кейін сиріңкені немесе те-

інде. Өкінішке орай көріп отырғандарыңыздай ішімдікке салынған адамдардың ұқыпсыздықтарынан болатын өрттер көптеп таралған. Болған оқиғалардың бәрі бір біріне ұқсайды: мас күйінде адам темекі тартуды бастайды, одан кейін хықыға батады, темекі төсек орынға, киіміне түседі. Одан кейін өрт болып, адам тұншықтырғыш газбен улана бастайды, соңы ажалға әкеліп соқтырады.

Бұл жерде әр адам өзіне абайлаушылық пен сергектікті шынықтыру керектігін айта кету керек. Тағы да естеріңізге сала кететін жағдай ол – осы себептен болатын өрттердің алдын алудың жалғыз-ақ шарасы - отты қолданғанда қарапайым ережелерді сақтау болып табылады.

**М.ӨСКЕН,**  
**Түркістан қаласының**  
**Төтенше жағдайлар**  
**бөлімінің аға инженері,**  
**азаматтық**  
**қорғау лейтенанты.**

## Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, көшелерге атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау мен өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидалары туралы» №138 Қаулысына сәйкес, Құмкент ауылдық округі бойынша 17 қазан 2022 жылы қоғамдастық жиыны өтетінін хабарлаймыз.

Күн тәртібіндегі мәселе Құмкент ауылдық округінде атауы жоқ жаңадан түскен төрт көшеге атау беру мәселесі қойылған.

«Созақ ауданының, Құмкент ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ.

Байланыс телефоны (:4-727, 8700-467-9375, 4-724, 8700-467-9372.

Құмкент ауылдық округі әкімі: **Ф.Пәрдебекұлы.**

## Аудан тұрғындарының назарына! ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Созақ ауданы тұрғындары баршаңызды еліміздің барлық өңірінде 17.09.2022 жылы өтетін «Дүниежүзілік тазалық күні (World Cleanup Day 2022)» жыл сайынғы экологиялық акциясына шақырамыз.

Жыл сайын әлем бойынша өтетін тазалық акциясына миллиондаған адам қатысып, қоғамдық орындарды қоқыстан тазартады. Сіздерде сенбі күні өтетін осынау ауқымды іс-шараға өз аулаларыңызды, жақын саябақтар мен өзен жағасын тазалау арқылы өз үлестеріңізді қоса аласыздар.

## «Туған жерімізді, таза ұстайық»

### Кеттің әке, жанымыздан жырақтап...

Қарағұр ауылының тұрғыны, ардақты әке, асыл жан, аяулы азамат, Созақ ауданының Құрметті азаматы, қарымды қаламгер, елге еңбегі сіңген жазушы **Ескермес Жақсымбетұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Жаны жайсаң әкеміздің нұрыл бейнесін сағынышпен еске аламыз.



**Біздер үшін асқар едің, шың асқақ,  
Сенсіз қалды жанымызда шын ақсап.  
Жанарларды жәудіретіп мәңгілік,  
Кеттің әке, жанымыздан жырақтап,** - деп, асыл әкеміз Ескермес Жақсымбетұлының рухына бағыштап жылдың асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жеужат, замандастарының есіне саламыз.

**Ас – 24 қыркүйек күні (23 қыркүйек – қонақ асы) Қарағұр ауылы, Үсенбай датқа көшесіндегі өз шаңырағында беріледі.**

**Асқа шақырушылар: ұл-қыздары,  
Жақсымбетовтер әулеті.**

### Жұмақтан болсын мекенің...

Шолақорған ауылының тұрғыны, асыл әке, қимас бауыр, ауыл-аймаққа қадірлі жан **Мусаев Төлебек Ботайұлы** әкеміздің дүниеден өткеніне жылдың жүзі болып қалды. Асқар тау әкеміздің жарқын бейнесі жүректерде сақтаулы.



**Бақыт шамын жақтың әке баршаға,  
Жылу тапты ұл-қызың да қаншама.  
Әруағыңа құрмет тұтып ас бермек,  
Ниегіміз бар еді әке баршаға,** - деп, асыл әкеміз Төлебек Ботайұлының рухына бағыштап жылдың асын өткізетіндігімізді барша ағайын-туыс, құда-жеужат, әкеміздің көзін көрген жандардың есіне саламыз.

**Ас – 30 қыркүйек күні (29 қыркүйек – қонақ асы) Шолақорған ауылы, Т.Әубәкіров көшесіндегі №32 өз үйінде сағат 12:00-де беріледі.**

**Асқа шақырушылар: Мусаевтар әулеті.**

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің биология пәнінің мұғалімі Сапарова Азизаға жолдасы

#### Сауранбаев Мұхтардың

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп интернат-лицейінің ұжымы осы мектептің тарих пәнінің мұғалімі

#### Сауранбаев Мұхтардың

қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімі мен білім қызметкерлерінің аудандық кәсіподағы ұжымы және Л.Бөкенов атындағы жалпы орта мектебінің ұжымы осы мектептің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Куленова Алтынайға әкесі

#### Куленов Тауршаның

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

## Хабарландыру

«Tan Resources» ЖШС «Түркістан облысындағы № 1166-EL лицензиясы бойынша Буденновское кен орнының Ашыкөл-1 учаскесі аумағында уранды барлау жоспарына» әсер етуге экологиялық рұқсат алу үшін жобалық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетінін хабарлайды («Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі, шығарындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасының жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының жобасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы) бекітілсін.

Қоғамдық тыңдаулар 2022 жылдың 20 қазанында сағат 12:00-де Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а.о., Бақырлы а. (Қаратау), Ауылдық мәдениет үйінде өтеді. Қатысушыларды тіркеу жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде жүргізіледі.

Карантин ұзартылған жағдайда, бұл қоғамдық тыңдаулар Zoom платформасындағы бейнеконференцбайланыс арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Тыңдауға қатысу үшін мына сілтеме бойынша өту қажет:

<https://zoom.us/j/61654085966?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференцияға қосылу сұрақтары бойынша мына телефон арқылы хабарласуға болады 8 (705) 666-44-40

Тапсырыс беруші: «TAN Resources» ЖШС, БСН 210140009852; Қазақстан Республикасы, А15С3F2 Алматы қ., ш. а. Бағанашыл, Сырабеков к-сі,32; Аладын Вадим Петрович, тел. 8 (701) 749-15-75, e-mail: aladyin-vadim@mail.ru

Әзірлеуші: «Волковгеология» АҚ; БСН 940740001484; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; тел. 8 (707) 344-23-31

Жергілікті атқарушы орган: «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27-үй; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

Жоба бойынша құжаттама БЭК-те <https://ecportal.kz/> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigi-resurstar/documents/1?lang-ru> «Қоғамдық тыңдау» бөлімінде орналастырылған.

Жоспарланып отырған қызмет туралы ақпаратты және құжаттардың көшірмесімен мына байланыс арқылы танысуға болады: – «Волковгеология» АҚ; Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168; 8 (705) 666-44-40; [ecosystem.kz@mail.ru](mailto:ecosystem.kz@mail.ru).

Ескертулер мен ұсыныстар [ecportal.kz](https://ecportal.kz/) сілтемесі бойынша және «Түркістан облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов даңғылы, 27 үй; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz мекен-жайында қабылданады.

## Объявление

ТОО «TAN Resources» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по материалам проектной документации для получения экологического разрешения на воздействие на «План развития урана на территории участка Ашыкөл-1 месторождения Буденновское по лицензии № 1166-EL в Туркестанской области» (раздел «Охрана окружающей среды», проект нормативов эмиссий, проект программы управления отходами, проект программы производственного экологического контроля, проект плана мероприятий по охране окружающей среды).

Общественные слушания состоятся 20 октября 2022 года в 12:00 по адресу: Туркестанская область, Сузакский район, Каратауский с.о., с.Бақырлы (Каратау), Сельский дом культуры.

Регистрация участников ведется при предъявлении документа, удостоверяющего личность.

В случае продления карантина данные общественные слушания будут проведены в режиме онлайн, посредством видеоконференцсвязи на платформе Zoom.

Для участия в слушаниях необходимо прийти по ссылке:

<https://zoom.us/j/61654085966?pwd=a10a3ROUGROYm1xZDZtbXJnTkNRUT09>

По вопросам подключения к конференции обращаться по телефону 8 (705)-666-44-40

Заказчик: ТОО «TAN Resources», БИН 210140009852; Республика Казахстан, А15С3F2 г.Алматы, мкр. Бағанашыл, ул. Сырабекова,32; Аладын Вадим Петрович, тел. 8 (701) 749-15-75, e-mail: aladyin-vadim@mail.ru

Разработчик: АО «Волковгеология»; БИН 940740001484; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168; тел. 8 (707) 344-23-31

Местный исполнительный орган: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

Документация по проекту размещена на ЕЭП h и на сайте МИО h в разделе «Общественные слушания».

Контакты, по которым можно получить информацию о намечаемой деятельности, и ознакомиться с копией документов – АО «Волковгеология»; Республика Казахстан, 050012, г. Алматы, ул. Богенбай батыра, 168; 8 (705) 666-44-40; [ecosystem.kz@mail.ru](mailto:ecosystem.kz@mail.ru).

Замечания и предложения принимаются по ссылке [ecportal.kz](https://ecportal.kz/) и по адресу: ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Туркестанской области», Туркестанская область, г.Туркестан, проспект Б.Саттарханов, д.27; 8 (72533) 5-98-49; e-mail: a.shymabekova@ontustik.gov.kz

## Сколиоз ауруының алдын алу

Мектеп-адам өміріндегі маңызды кезеңдерінің бірі, оның арқасында бала көптеген жаңаны біледі. Бірақ өкінішке орай, пайдалы білімдермен қатар мектеп оқушылары қосымша тағы көптеген ауруларды алады. Ас қорыту жүйесінің аурулары, көру қабілетінің нашарлауы, невроз, тыныс алу мүшелерінің аурулары және сколиоз.

Оқушылар арасында кең таралған аурулардың бірі дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз болып табылады. Сколиоз-омыртқаның бір бүйірге қарай қисаюы. Сколиоздың туылғаннан болатын және жүре пайда болатын түрлері бар. Мектеп кезіндегі балаларда ең көп кездеседі. Себебі, 7-9 және 12-14 жастар арасында сколиоздың ең дамитын кезі.

Оқу сабақтары кезінде оқушының бойы мен дене бітіміне жиһаздар сай келмеген жағдайда дене бітімінде шаршау, әлсіреу, әрі ыңғайсыздану пайда болады.

Омыртқа салмақтың біркелкі түспеуінен дене бітімінің бұзылуы мен сколиоз рефлекторлы тұрғыда пайда болады. Соған қоса мәселе мектеп оқушылары күнде мектепке апаратын оқулықтары бар ауыр иыққаптар.

Сколиоз асқынған жағдайда ішкі ағзалардың басылуына және жүрек-тамыр, тыныс алу жүйелері жұмысының бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан оның алдын алып, сколиоз ауруы дамыса, дер кезінде амбулаторлық ем қолдану керек болады. Емдеу дене шынықтыруды өткізу, спортпен айналысу (шаңғы, баскетбол, волейбол, әсіресе суда жүзу). Дене бітімінің бұзылуын көп жылғы жаттығулармен түзету мүмкін.

Оқушылардың дене бітімінің дұрыс қалыптаспауына, дене бітімінің бұзылуын алдын алу мақсатында таңертеңгі гимнастика, дене шынықтыру, үй жағдайында жаттығулар жасау, әсіресе, мектептерде алуан түрлі пайда-

лы жаттығулармен шұғылдану әсер етеді.

Осы аурулардың алдын алу үшін:

Бала жас кезінен бастап дұрыс тамақтану, таза ауада болу, мезгілімен ұйықтау;

Ұйықтағанда баланың басы кішкентай жастыққа, денесі қатты төсекте жатуы керек, бала бір жағында жатқанда —омыртқа жотасының қисайған омыртқа доғасы астына жастық салып жатқан жөн;

Дұрыс аяқ-киімді таңдау; Сөмкелерді, рюзактарды кию кезінде жүктің омыртқаға бірдей таралуы енеді;

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыру арқылы оқушының денсаулығын ұзақ сақтай аламыз.

**Ә.ӘБДИНАБИ,  
Созақ аудандық СЭББ,  
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысы.**

